

**Таран ауданы бойынша 2015 жылға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оқтайлы мерзімдерін белгілеу туралы**

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 4 маусымдағы № 160 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 шілдеде № 5751 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Таран ауданы бойынша өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оқтайлы мерзімдері белгіленсін:

1) жазғы дәнді дақылдар (бидай, арпа, сұлы, тары, қарақұмық) 2015 жылғы 15 мамырдан 12 маусымға дейін;

2) дәнді бұршақты дақылдар (аңқа, жасымық, асбұршақ) 2015 жылғы 15 мамырдан 10 маусымға дейін;

3) майлы дақылдар (рапс, күнбағыс) 2015 жылғы 10 мамырдан 8 маусымға дейін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.М. Сейдахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 10 мамырдан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға таратылады.

*Аудан әкімі*

*Б. Өтеулин*